

"Электр энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2019 жылғы 26 тамыздағы № 290 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 78 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 4 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 12 қаңтардағы № 7 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 14 қаңтарда № 22075 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Электр энергетикасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2019 жылғы 26 тамыздағы № 290 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 78 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19323 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 5 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Энергия өндіруші ұйымдарға қатысты тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарында:

Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-жолдармен толықтырылсын:

"

11	Технологиялық бұзушылықтарды тексеру мерзімдерін бұзу (технологиялық бұзушылық туындаған сәттен бастап үш тәуліктен кешіктірмей басталады және комиссия құрылған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде аяқталады).	Елеулі
12	Комиссия құрылған кезден бастап он жұмыс күні ішінде технологиялық бұзушылықты тергеп-тексеруді аяқтау мүмкін болмаған жағдайларда, тергеп-тексеруді ұзарту мерзімдерін бұзу (тергеп-тексеру мерзімдері күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімге ұзартылады).	Елеулі
13	Технологиялық бұзушылықты тексеру актісімен, аварияларды, I дәрежелі істен шығуларды, сондай-ақ II дәрежелі істен шығуларды тексеру нәтижелерін мыналармен байланысты ресімдемеу: 1) қызмет мерзімін өтемеген жабдықтың зауыттық ақауларына байланысты зақымдануы; 2) электр станциясының жүктемені толығымен түсіруі; 3) 110-1150 кВ электр желілеріне, сондай-ақ 110 кВ және одан жоғары кіші станциялардың негізгі жабдықтарының зақымдануы; 4) жылыту маусымында жылу желілерінің зақымдануы; 5) қызметкерлердің қате әрекеттері.	Елеулі

14	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде келесі күнтізбелік жылға білімді біліктілік тексеруге жататын басшылардың жыл сайынғы тізімін ұсынбау.	Елеулі
15	Ұйымның әзірлік паспортын алу үшін құжаттарды ұсыну мерзімдерін бұзу.	Өрескел
16	Күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа дайын болмаған жағдайда ұйымдардың кемшіліктерді жоюдың нақты мерзімдерін көрсете отырып, келісілген іс-шаралар жоспарын ұсынбауы.	Өрескел
17	Әзірлік паспортын ескертулермен алған ұйым ескертуді орындау мерзімі өткен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей берілген ескертулердің орындалуы туралы ақпаратты ұсынбауы.	Өрескел
18	Негізгі жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды жөндеудің перспективалық және жылдық графиктерінің болмауы.	Өрескел
19	Белгіленген қуаты сағатына 100 гигакалорий және одан жоғары энергия өндіруші ұйымның жыл сайын, тиісті жылдың 1 маусымына дейін отынның орташа тәуліктік шығысының есебін және энергия көзінен жеткізілетін отынды тиеп жөнелту орнына дейінгі қашықтық туралы ақпаратты электр энергетикасы саласындағы уәкілетті органға келісу үшін ұсынбауы.	Өрескел

”;

Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері бөлімінде (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді):

реттік нөмірі 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

11	Шарт акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық поштамен, факспен, пошта жөнелтілімімен, қысқа мәтіндік хабарламамен, мультимедиалық хабарламамен, қолданыстағы мессенджерлермен) Тұтынушыға электр энергиясын жеткізу тоқтатылғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен бұрын мерзімде (электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке пайдаланатын тұтынушыға кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын мерзімде) электр энергиясын беруді тоқтату (шектеу) туралы жазбаша ескертудің болуы.	Өрескел
----	---	---------

”;

реттік нөмірі 13-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

13	Электр энергиясын тұтынушыға еркін нысанда бұзушылық туралы жасалған актінің болуы және мынадай бұзушылықтар кезінде қайта есептеу жүргізу: 1) энергия өндіруші ұйымның желілеріне өз еркімен қосылу; 2) электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабынан (бұдан әрі – КЕАА) басқа электр энергиясын қабылдағыштарды қосу; 3) КЕАА, ток трансформаторларын және кернеуді қосу схемасының өзгеруі; 4) КЕАА жасанды дискісін тежеу; 5) КЕАА көрсеткіштерін бұрмалайтын құралдарды орнату.	Өрескел
----	---	---------

”;

реттік нөмірі 22-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

22	Тастан қорғау құрылыстарын (тасты ұстайтын торлар, тас ұстағыштар) жарамды күйде ұстау және жиналған тастарды уақтылы түсіруді орындау.	Елеулі
----	---	--------

”;

реттік нөмірі 394-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

--	--	--

394	Қызметкерді дербес жұмысқа жіберу туралы ұйым немесе құрылымдық бөлімше бойынша өкімдік құжаттың болуы.	Болмашы
-----	---	---------

”;

Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері бөлімі (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 441, 442, 443, 444, 445, 446, 447, 448, 449, 450, 451, 452, 453, 454, 455, 456, 457, 458, 459, 460, 461, 462, 463, 464, 465, 466, 467, 468, 469, 470, 471, 472, 473, 474, 475, 476, 477, 478, 479, 480, 481, 482, 483, 484, 485, 486, 487, 488, 489, 490, 491, 492, 493, 494, 495, 496, 497, 498, 499, 500, 501, 502, 503, 504, 505, 506, 507, 508, 509, 510, 511, 512, 513, 514, 515, 516, 517, 518, 519, 520, 521, 522, 523, 524, 525, 526, 527, 528, 529, 530, 531, 532, 533 және 534-жолдармен толықтырылсын:

”

441	Энергетикалық объектінің өндірістік ғимараттары мен құрылыстарын жарамды күйде ұстау.	Елеулі
442	Мазут құбырлары мен арматураны сыртқы тексерудің бекітілген графигінің болуы – жылына кемінде 1 рет, ал қазандық бөлімшесінің шегінде – тоқсанына кемінде 1 рет және арматураны іріктеп тексеру – 4 жылда кемінде 1 рет.	Елеулі
443	График бойынша резервтік сорғыларды қосудың автоматты құрылғыларының іске қосылуын тексерудің бекітілген графигінің болуы, бірақ тоқсанына кемінде 1 рет.	Болмашы
444	Электр станциясының аумағында орналасқан жерасты газ құбырларының трассасын айналып өтудің бекітілген графигінің болуы.	Болмашы
445	Электр станциясының шаң дайындау қондырғыларында өлшеуаспаптарын, реттегіштерді, сигнал беру, қорғаныс және бұғаттау құрылғыларын жарамды күйде ұстау.	Болмашы
446	Қазандықты әртүрлі жылу жағдайларынан жарықтандыру кезінде қазандықты іске қосу графигін сақтау.	Болмашы
447	Қазандықтарды дұрыс күйде қаптауды ұстау. Айналадағы ауаның температурасы 25 0С болған кезде қаптау бетіндегі температура 45 0С-тан жоғары деңгейде қамтамасыз етіледі.	Болмашы
448	Генераторды майлау, реттеу және тығыздау жүйесінің желілерінде орнатылатын бекіту арматурасының жұмыс жағдайында пломбалауды жүргізу, оны қате ауыстырып қосу жабдықтың тоқтауына немесе бүлінуіне әкелуі мүмкін.	Елеулі
449	Резервтік қоректік сорғыларды, сондай-ақ автоматты резервтегі сорғы агрегаттарын жарамды күйде ұстау.	Елеулі
450	Резервтік қоректік сорғылардың, сондай-ақ басқа да сорғы агрегаттарының автоматты қосылуына, бірақ айына 1 реттен кем емес мерзімді тексеру жүргізу графигінің болуы.	Елеулі
451	Ауа сүзгілері мен газ турбина қондырғылар (бұдан әрі - ГТК) компрессорларының ағын бөлігінің мұздануына қарсы іс-шараларды орындау.	Елеулі
452	ГТҚ тоқтатқыш және реттеуші отын клапандарының абсолютті тығыздығын қамтамасыз ету.	Елеулі
453	Май салқындатқыштарға дейін және одан кейін май құбырларында орнатылған ысырмалар мен клапандардың маховиктерінің жұмыс жағдайында резервтегі және авариялық май сорғыштардың сору және қысым желілерінде және ГТҚ май бактарынан майды апаттық құю желілерінде, шығарылатын сүзгілерге дейін және одан кейін, генератор білігінің тығыздау схемасында пломбалауды жүргізу.	Елеулі
	Тура ағынды қазандықтардың бу сапасының мынадай нормаларға сәйкестігін қамтамасыз е т у :	

454	<p>Натрий қоспалары – 5 мкг/дм³ артық емес; Кремний қышқылы – 15 мкг/дм³ артық емес; Меншікті электр өткізгіштігі – 0,3 мкСм/см артық емес; рН – 7,5 кем емес; Бейтарап-оттегі сулы-химиялық режимде –6,5 кем емес.</p>	Елеулі
455	<p>Тікелей ағынды қазандықтардың қоректік су сапасының мынадай нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету:</p> <p>жалпы қаттылығы – 0,2 мкг-экв/дм³ артық емес; натрий қоспалары – 5 мкг/дм³ артық емес; кремний қышқылы – 15 мкг/дм³ артық емес; темір қосылыстары-10 мкг/дм³ артық емес; оттегі режимі кезінде ерітілген оттегі 100-400 мкг/дм³; меншікті электр өткізгіштігі-0,3 мкСм/см артық емес; деаэратор алдындағы судағы мыстың қосылыстары- 5 мкг/дм³ артық емес; деаэратордан кейін судағы ерітілген оттегі – 10 мкг/ дм³ артық емес; режим кезіндегі рН мәндері: гидразин-аммиакты – 9,1+0,1 гидразин - 7,7+0,2 оттегі-аммиак - 8,0+0,5 бейтарап-оттегі – 7,0+0,5 гидразин, мкг/дм³, режим кезінде: гидразин-аммиакты – 20-60 гидразин – 80-100 іске қосу және тоқтату - 3000 мұнай өнімдерінің құрамы (конденсат тазалағанға дейін) – 0,1 мкг/дм³ артық емес.</p>	Елеулі
456	<p>Жылу электр орталықтары үшін табиғи айналымы бар қазандықтардың қаныққан және қыздырылған буы сапасының мынадай нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету:</p> <p>натрий қосылыстарының құрамы, мкг/дм³, артық емес: қазандықтың қысымы 40 кгс/см² кезінде – 100; қазандықтың қысымы 100 кгс/см² кезінде – 25; қазандықтың қысымы 140 кгс/см² кезінде – 5; қысымы 70 кгс/см² және одан жоғары қазандықтар үшін 25 мкг/дм³ аспайтын кремний қышқылының құрамы; барлық қысымдағы қазандықтар үшін рН мәні 7,5 кем емес; меншікті электр өткізгіштігі болуы тиіс: 100 кгс/см² қысымы 0,5 мкСм/см аспайтын қазандықтар үшін; газсыздандырылған сынама үшін немесе Н-катионирленген сынама үшін 1,5 мкСм/см; қысымы 140 кгс/см² (13,8 МПа) 0,3 мкСм/см аспайтын қазандықтар үшін газсыздандырылған сынама үшін немесе Н-катионирленген сынама үшін 1 мкСм/см.</p>	Елеулі
457	<p>Мемлекеттік аудандық электр станциясы үшін табиғи айналымы бар қазандықтардың қаныққан және қыздырылған буы сапасының мынадай нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету:</p> <p>натрий қосылыстарының құрамы, мкг/дм³, артық емес: қазандықтың қысымы 40 кгс/см² кезінде – 60; қазандықтың қысымы 100 кгс/см² кезінде – 15; қазандықтың қысымы 140 кгс/см² кезінде – 5; қысымы 70 кгс/см² және одан жоғары қазандықтар үшін 15 мкг/дм³ аспайтын кремний қышқылының құрамы; барлық қысымдағы қазандықтар үшін рН мәні 7,5 кем емес;</p>	Елеулі

	<p>- меншікті электр өткізгіштігі болуы тиіс: 100 кгс/см² қысымы 0,5 мкСм/см аспайтын қазандықтар үшін; газсыздандырылған сынама үшін немесе Н-катионирленген сынама үшін 1,5 мкСм/см; қысымы 140 кгс/см² (13,8 МПа) 0,3 мкСм/см аспайтын қазандықтар үшін газсыздандырылған сынама үшін немесе Н-катионирленген сынама үшін 1 мкСм/см.</p>	
458	<p>Сұйық отынмен табиғи айналымы бар қазандықтардың қоректік су сапасының мынадай нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету:</p> <p>- жалпы қаттылық, мкг-экв / дм³, артық емес: қазандықтың қысымы 40 кг/см² кезінде – 5; қазандықтың қысымы 100 кг/см² кезінде – 1; қазандықтың қысымы кг/см² кезінде – 1;</p> <p>- темір қосылыстарының құрамы, мкг / дм³, артық емес: қазандықтың қысымы 40 кг / см² кезінде – 50; қазандықтың қысымы 100 кг/см² кезінде – 20; қазандықтың қысымы 140 кг/см² кезінде – 20;</p> <p>- деаэратор алдындағы судағы мыс қосылыстары, мкг/дм³, артық емес: қазандықтың қысымы 40 кг/см² кезінде – 10; қазандықтың қысымы 100 кг/см² кезінде – 5; қазандықтың қысымы кг/см² кезінде – 5;</p> <p>- деаэратордан кейінгі судағы ерітілген оттегі, мкг/дм³, артық емес: қазандықтың қысымы 40 кг/см² кезінде – 20; қазандықтың қысымы 100 кг/см² кезінде – 10; қазандықтың қысымы 140 кг/см² кезінде – 10;</p> <p>- мұнай өнімдерінің құрамы, мг/дм³, артық емес: қазандықтың қысымы 40 кг/см² кезінде – 0,5; қазандықтың қысымы 100 кг/см² кезінде – 0,3; қазандықтың қысымы 140 кг/см² кезінде – 0,3;</p> <p>- р Н 1 м ә н і : қазандықтың қысымы 40 кг/см² – 8,5-9,5; қазандықтың қысымы 100 кг/см² кезінде – 9,1; қазандықтың қысымы 140 кг/см² кезінде – 9,1.</p>	Елеулі
459	<p>Отынның басқа түрлерінде табиғи айналымы бар қазандықтардың ауыз су сапасының мынадай нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету:</p> <p>- жалпы қаттылығы, мкг-экв/дм³, артық емес: қазандықтың қысымы 40 кг/см² кезінде – 10; қазандықтың қысымы 100 кг/см² кезінде – 3; қазандықтың қысымы 140 кг/см² кезінде – 1;</p> <p>- темір қосылыстарының құрамы, мкг/дм³, артық емес: қазандықтың қысымы 40 кг/см² кезінде – 100; қазандықтың қысымы 100 кг/см² кезінде – 30; қазандық үшін қысым 140 кг/см² кезінде – 20;</p> <p>- деаэратор алдындағы судағы мыс қосылыстары, мкг/дм³, артық емес: қазандықтың қысымы 140 кг/см² кезінде – нормаланбайды; қазандық үшін қысым 100 кг/см² кезінде – 5; қазандықтың қысымы 140 кг/см² кезінде – 5;</p> <p>- деаэратордан кейінгі судағы ерітілген оттегі, мкг/дм³, артық емес:</p>	Елеулі

	<p>казандықтың қысымы 40 кг/см² кезінде – 20;</p> <p>казандықтың қысымы 100 кг/см² кезінде – 10;</p> <p>казандықтың қысымы 140 кг/см² кезінде – 10;</p> <p>- мұнай өнімдерінің құрамы, мг/дм³, артық емес:</p> <p>казандықтың қысымы 40 кг/см² – 0,5;</p> <p>казандықтың қысымы 100 кг/см² кезінде – 0,3;</p> <p>казандықтың қысымы 140 кг/см² кезінде; – 0,3</p> <p>- р Н 1 м ә н і :</p> <p>казандықтың қысымы 40 кг/см² – 8,5-9,5;</p> <p>казандықтың қысымы 100 кг/см² кезінде – 9,1;</p> <p>казандықтың қысымы 140 кг/см² кезінде – 9,1;</p>	
460	<p>Қысымы 140-255 кгс/см² (13,8-25 МПа) тікелей ағынды қазандықтары бар электр станцияларының бірінші сатысындағы конденсатты сорғылардан кейін турбиналар конденсаты сапасының мынадай нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету:</p> <p>1) жалпы қаттылығы 0,5 мкг-экв/дм³, турбинаның конденсат жинағышынан шығатын конденсатты 100 % тазалау кезінде қоректік су сапасының нормаларын сақтау шартымен көрсетілген норманы 4 тәуліктен аспайтын мерзімге уақытша арттыру жүргізіледі;</p> <p>2) меншікті электр өткізгіштігі 0,5 мкСм/см;</p> <p>3) конденсатты сорғылардан кейін еріген оттегінің құрамы 20 мкг/дм³.</p>	Елеулі
461	<p>Бу мен конденсаттың шығынының орнын толтыруға арналған буландырғыштар дистилляты сапасының мынадай нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету:</p> <p>1) натрий қосылыстарының құрамы – 100 мкг/дм² артық емес;</p> <p>2) бос көмір қышқылы – 2 мг/дм² артық емес.</p>	Елеулі
462	<p>Бу мен конденсаттың шығынының орнын толтыруға арналған буландырғыштардың қоректік су сапасының мынадай нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету:</p> <p>- жалпы қаттылығы, мкг-экв/дм³, 30-дан артық емес;</p> <p>- бастапқы судың тұз құрамы 2000 мг/дм³, мкг-экв/дм³ артық болғанда жалпы қаттылығы, мкг-экв/дм³ 75-тен артық емес;</p> <p>- оттегі құрамы, мкг/дм³, 30-дан артық емес;</p> <p>- бос көмір қышқылының құрамы 0.</p>	Елеулі
463	<p>Бу мен конденсаттың станция ішіндегі ысыраптары шамасының (форсункалардың жұмысы, қазандықтарды үрлеп тазарту және үрлеп өндіру, су жуу, конденсатты тазалауға арналған қондырғыларға қызмет көрсету, жылу желісінің қосымша суын деаэрациялау, мазутты түсіру кезіндегі ысыраптарды есепке алмағанда) жұмыс істеп тұрған қазандықтардың номиналды өнімділігі ауыз судың жалпы шығысының % - дан аспайтын кезде мынадай нормаларға сәйкестігін қамтамасыз ету.</p> <p>Конденсациялық электр станцияларында – 1,0 артық емес;</p> <p>Таза жылыту жүктемесі бар жылу электр орталықтарында – 1,2 артық емес;</p> <p>Өндірістік немесе өндірістік жылыту жүктемесі бар жылу электр орталықтарында – 1,6 артық емес.</p>	Болмашы
464	<p>Күл - және шлак шығару жүйелерін пайдалану тәжірибесінің негізінде жасалған күл-қожды шығару жүйелерінің жабдықтарын жөндеу және ауыстыруды орындау графигінің болуы.</p>	Елеулі
465	<p>Қолда бар күл үйіндісін толтыру аяқталғанға дейін кемінде 3 жыл бұрын жаңа күл үйіндісін құру жобасының болуын қамтамасыз ету.</p>	Өрескел
466	<p>Жылу беру қондырғысының жұмыс режимін қолдау жылу желісі диспетчерінің тапсырмасының болуы (беруші және кері құбырлардағы қысым және беруші құбырлардағы температура). Электр станциясының бас ысырмасынан берілген режимнен ауытқу: жылу желісіне түсетін судың температурасы бойынша ±3 %; беруші құбырдағы</p>	Болмашы

	қысым бойынша $\pm 5\%$, кері құбырдағы қысым бойынша $\pm 0,2 \text{ кгс/см}^2$ ($\pm 20 \text{ кПа}$) аспайтын деңгейде қамтамасыз етіледі.	
467	Осы жабдықты жөндеудің барлық түрлерінің мерзімділігі мен ұзақтығы белгіленген техникалық басшы бекіткен жабдықты жөндеуге арналған нұсқаулықтардың болуы.	Елеулі
468	Электр станциясы жабдықтарының әрбір тобы бойынша 5 жылда 1 рет жіберілген электр энергиясына және жылуға отын мен судың есептік үлестік шығыстары графигінің болуы, сондай-ақ жылу электр станцияларын техникалық қайта жарақтандыру және реконструкциялау, жағылатын отынның түрін немесе маркасының өзгеруі салдарынан электр энергиясы мен жылу беруге арналған отынның нақты үлестік шығыстары тиісінше 2 және 1% - дан астамға өзгерді.	Өрескел
469	Осы жабдыққа дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес номиналды деректері бар электр станцияларының негізгі және қосалқы жабдықтарында тақтайшаның болуы.	Өрескел
470	Негізгі және қосалқы жабдықтардың, оның ішінде құбырларда, жүйелер мен шиналардың секцияларында, сондай-ақ арматурада, газ шиберінде және ауа құбырларында нөмірлеудің болуы, басқарудың таңдамалы жүйесі (бұдан әрі – БТЖ) болған жағдайда, жедел схемаға сәйкес келетін нөмірін және БТЖ бойынша нөмірін көрсете отырып, орын бойынша және орындау схемаларында арматураның екі рет нөмірлеуінің болуы.	Өрескел
471	Пайдалану процесінде орындалған және бақылаушы тұлғаның лауазымы мен өзгеріс енгізілген күнін көрсете отырып, оның қолы қойылған энергия қондырғыларындағы барлық өзгерістердің нұсқаулықтарында, схемалары мен сызбаларында болуы.	Өрескел
472	Энергия объектісінің техникалық басшысы бекіткен тексеруге жататын өлшем құралдарының нақты тізбесінің болуы.	Өрескел
473	Қоршаған ортаға ластаушы заттардың авариялық және өзге де жаппай шығарындылары мен төгінділерінің алдын алу бойынша әзірленген іс-шаралардың болуы.	Өрескел
474	Жер бетінде су құбырының, канализацияның, жылу жүргізудің, сондай-ақ жабық аумақтарда газ құбырларының, ауа құбырларының, кабельдердің жер астында жасырын коммуникациялары көрсеткіштерінің болуы.	Өрескел
475	Жобалық деректер негізінде айқындалған және көрінетін жерлерде орнатылған жабулардың әрбір учаскесі үшін шекті жүктемесі бар тақтайшалардың болуы.	Өрескел
476	Үй-жайларда және жабдықтарда шаңның жиналуынан қорғаныстың болуы.	Елеулі
477	Негізгі гидротехникалық құрылыстардың осьтерінде жазулары бар белгілердің болуы, сондай-ақ базистік реперлермен байланыстың болуы.	Елеулі
478	Электр станцияларында жыл сайын көктемгі су тасқыны басталғанға дейін, ал жекелеген жағдайларда жазғы-күзгі су тасқыны басталғанға дейін тағайындалған су тасқыны комиссияларының болуы.	Елеулі
479	Су өткізбеушілік, оларды табалдырыққа дұрыс отырғызу және тірек контурына тығыз жанасумен қамтамасыз етілген бекітпелердің болуы, сондай-ақ қысыммен жұмыс істеу кезінде бекітпелердің қисаюларының және жол берілмейтін деформацияларының болмауы.	Өрескел
480	Сорды ұстап қалатын конструкцияларды (торлар, торлар, запандар) тұрақты тазартуды орындау.	Өрескел
481	Әрбір электр станцияларында беріктілік және үнемділік шарттары бойынша белгіленген шекті мандердің сорды ұстап қалатын торларда өзгеру деңгейлерінің болуы.	Елеулі
482	Әртүрлі су пайдаланушылардың суды пайдаланудың ай сайынғы көлемін белгілейтін кешенді пайдаланудағы су қоймасы бар су электр станциялары үшін жылдық су шаруашылығы жоспарының болуы.	Өрескел
483	Градириялардың суаратын конструкциясын минералды және органикалық шөгінділерден тазартуды орындау.	Өрескел

484	Арнайы еріту құрылғыларының, механикалық қопсытқыштардың, вагон вибраторларының және отынды, әсіресе мұз басқан отынды түсіруді және темір жол вагондарын тазартуды жеңілдететін өзге де механизмдердің болуы.	Елеулі
485	Кезекпен жұмыс істейтін резервтік механизмдер мен жабдықтардың (вагон аударғыштар, конвейерлер жүйесінің жіптері, ұнтақтауыштар) болуы.	Өрескел
486	Сұйық отынды құю, сақтау және жағу кезінде су басуға жол бермеу.	Өрескел
487	Газ құбырын, газ тарату пунктiнiң (бұдан әрi – ГТП) үй-жайын, жабдықты және бақылау-өлшеу аспаптарын сипаттайтын негiзгi деректердi, сондай-ақ орындалатын жөндеу туралы мәлiметтердi қамтитын әрбiр газ құбыры мен ГТП жабдығына жасалған паспорттардың болуы.	Өрескел
488	Энергетикалық объектiнiң техникалық басшысы жасаған және бекiткен, нақты өндiрiстiк жағдайларға қатысты дайындау тәртiбiн және оларды жүргiзу қауiпсiздiгiн анықтайтын газға қауiптi жұмыстар тiзбесi мен нұсқаулықтардың болуы.	Өрескел
489	Энергия объектiсi бойынша бұйрықпен газға қауiптi жұмыстарға нарядтар беретiн адамдарды тағайындау.	Өрескел
490	Сигнал беру, қорғаныс және бұғаттау жүйелерi жарамсыз шаң дайындау қондырғыларын iске қосуға және пайдалануға жол бермеу.	Өрескел
491	Олардың iске қосылу себептерiн белгiлейтiн құралдармен жабдықталған жабдықты ажыратуға әрекет ететiн технологиялық қорғаныстардың болуы, сондай-ақ қорғалатын жабдықтың барлық жұмыс уақыты iшiнде оқиғаларды тiркеушiлердi қоса алғанда, қорғаныстың iске қосылу себептерiн белгiлейтiн құралдарды пайдалану.	Өрескел
492	Энергетикалық объектi әкiмшiлiгiнiң өкiмiмен инженерлiк-техникалық қызметкерлер (цехтар мен қызметтердiң басшылары) iшiнен тағайындалған құбырлардың жарамды жай-күйi мен қауiпсiз пайдаланылуына жауапты адамдардың болуы.	Өрескел
493	Жабдықтың реттеушi органының ашылу дәрежесi көрсеткiштерiнiң, ал бекiту арматурасы – "Ашық" және "Жабық" көрсеткiштерiмен жабдықталған реттеушi клапандардың болуы.	Өрескел
494	Жұмыс iстемейтiн күлдi ұстау қондырғысы бар қазандықты пайдалануға жол бермеу.	Өрескел
495	Күлдi ұстау қондырғыларының бункерлерiн ұсталған күлдi жинақтау үшiн пайдалануға жол бермеу.	Өрескел
496	Электр қозғалтқыштарында және олар жүргiзетiн механизмдерде айналу бағытын көрсететiн бағыттамаалардың болуы.	Өрескел
497	Электр қозғалтқыштарында және олардың iске қосу құрылғыларында олар жататын агрегаттың атауы жазылған жазулардың болуы.	Өрескел
498	Трансформаторлар мен сыртта орнатылатын реакторлардың бактарында станциялық (кiшi станциялық) нөмiрлерiнiң болуы, сондай-ақ трансформаторлық пункттер мен камералардың есiгiнде және iшкi бетiнде осындай нөмiрлердiң болуы.	Өрескел
499	Бiрфазалы трансформатор мен реактордың бактарында фаза түсiнiң болуы.	Өрескел
500	Жабық тарату құрылғылары камераларының есiктерi мен iшкi қабырғаларында, ашық тарату құрылғылары жабдықтарының, жинақтаушы тарату құрылғысының сыртқы және iшкi бет бөлiктерiнде, жинақтарда, сондай-ақ қалқандар панельдерiнiң беткi және сыртқы жақтарында қосулардың мақсатын және олардың диспетчерлiк атауын көрсететiн жазулардың болуы.	Өрескел
501	Тарату құрылғыларының есiктерiнде электр қондырғыларында пайдаланылатын қорғаныс құралдарын қолдану және сынау бойынша ескерту белгiлерiнiң болуы.	Өрескел
502	Сақтандырғыш қалқандарда және (немесе) қосылыстардың сақтандырғыштарында балкытылған ендiрменiң номиналды тоғын көрсететiн жазбаның болуы.	Өрескел
503	Жабдық корпустарының металл бөлiктерiнде фаза түстерiн белгiлеудiң болуы.	Өрескел

504	Ажыратқыштардың, жерге тұйықтаушы пышақтардың, бөлгіштердің, аппараттардан қабырғалармен бөлінген қысқа тұйықтағыштардың жетектерінде ажыратылған және қосылған жағдайдағы көрсеткіштердің болуы.	Өрескел
505	Аккумулятор батареясының үй-жайындағы температураны 10 0С-тан төмен ұстап тұру, бұл ретте персоналдың тұрақты кезекшілігі жоқ кіші станцияларда және егер батареяның сыйымдылығы температураның төмендеуін ескере отырып таңдалып, есептелген жағдайда, температураны 5 0С-қа дейін төмендетуге жол беріледі.	Өрескел
506	Аккумулятор батареялары үй-жайының есігінде "Аккумулятор бөлмесі", "От қауіпті", "Темекі шегуге тыйым салынады" деген жазулардың және ашық отты пайдалануға және темекі шегуге жол бермеу туралы тиісті қауіпсіздік белгілерінің болуы.	Өрескел
507	Энергетикалық объектінің техникалық басшысы бекіткен график бойынша аккумуляторлық батареяларды қарап-тексеру графигінің болуы	Өрескел
508	Әрбір аккумуляторлық қондырғыда қарап-тексеру мен жүргізілген жұмыстардың көлемі туралы жазылған журналдың болуы.	Елеулі
509	Желі бойынша негізгі деректерді көрсете отырып, әрбір кабель желісі үшін паспорттың болуы.	Өрескел
510	Ашық төселген кабельдерде, сондай -ақ барлық кабель муфталарында белгілері бар биркалардың болуы; кабель биркаларында желінің соңы мен басында желінің маркасы, кернеуі, қимасы, нөмірі немесе атауы көрсетіледі; жалғастырушы муфталар биркаларында – муфтаның нөмірі, монтаждау күні, сондай-ақ биркалардың желінің ұзындығы бойынша орналасуы, ашық төселген кабельдерде 50 м кейін, сондай-ақ трассаның бұрылыстарында және кабельдердің отқа төзімді қалқалар мен жабындар арқылы өтетін жерлерінде (екі жағынан) көрсетіледі.	Өрескел
511	Кабель желілеріндегі тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар туралы ақаулар мен олқылықтар журналында жазбаның болуы.	Елеулі
512	Металл қабықтары немесе сауыттары бар кабельдерді, сондай-ақ кабельдер төселген кабельдік құрылымдарды жерге тұйықтау немесе нөлдеуді орындау.	Өрескел
513	Жеткізушілерден энергия кәсіпорнына қабылданған отандық және шетелде шығарылған барлық энергетикалық майларына (турбиналық, электр окшаулағыш, компрессорлық, индустриялық және т. б.) мыналардың болуы: 1) сапа сертификаттары немесе паспорттары және олардың стандарт (мемлекеттік стандарт немесе техникалық шарттар) талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында зертханалық т а л д а у д а н ө т к е н ; 2) энергетикалық майдың әрбір жеткізілетін партиясына полихлордифенилдердің, полихлорбифенилдердің орнықты органикалық ластағыштарының жоқтығын растайтын сапа сертификаттары (паспорттары немесе сынақ хаттамалары); 3) энергетикалық майдың қауіпсіздік паспорттары.	Өрескел
514	Электр станцияларында мұнай турбиналық майының ең ірі агрегаттың май жүйесінің сыйымдылығына тең (немесе одан көп) мөлшердегі тұрақты қорының және кемінде 45 күндік қажеттілікке толықтыру қорының болуы.	Өрескел
515	Отқа төзімді турбиналық майдың тұрақты қорын бір турбоагрегат үшін толықтыруға жылдық қажеттіліктен кем емес деңгейде қамтамасыз ету.	Өрескел
516	Әрбір электр станциясында қосалқы жабдықтар үшін кемінде 45 күндік қажеттілікке жағармай материалдарының тұрақты қорының болуы.	Өрескел
517	Әрбір жылу электр орталығы және басқа да жылу көздері үшін жылу желісінің диспетчерлік қызметі жасаған және жылу желісінің бас диспетчері (диспетчерлік қызмет бастығы) бекіткен жылу жүктемесі графигінің болуы.	Өрескел
518	Диспетчерлік басқарудың барлық деңгейлерінде жедел келіссөздерді және электр станциялары мен ірі кіші станциялар ауысым бастықтарының жедел келіссөздерін жазу құрылғысына автоматты түрде тіркеудің болуы.	Өрескел

519	Металл гильза панельдері арқылы өту (қиылысу) орындарында сымдар мен кабельдердің болуы.	Өрескел
520	Жабдық тарату құрылғыларының үй-жайлары мен дәліздерінде тарату құрылғысына жатпайтын қоймалар мен басқа да қосалқы құрылыстардың болуына, сондай-ақ электр техникалық жабдықтарды, материалдарды, қосалқы бөлшектерді, жанғыш сұйықтықтары бар сыйымдылықтарды және әртүрлі газдары бар баллондарды сақтауға жол бермеу.	Өрескел
521	Жабдық тарату құрылғыларының кабельдік каналдарының және ашық тарату құрылғыларының жер бетіндегі плиттамен жабылған кабельдік лотоктарының болуы.	Өрескел
522	Кабель құрылыстарында кемінде 50 м сайын жақын жердегі шығу көрсеткіштерінің болуы.	Өрескел
523	Олардың негізінде Қазақстанның бірыңғай энергетикалық жүйесінде (бұдан әрі - БЭЖ) қуат теңгерімін басқару ұйымдастырылатын тәуліктік графиктердің болуы, бұл ретте электр станциялары жүктемелердің және айналмалы резервтің берілген тәуліктік графигін орындайды, ал желіні пайдаланушылар өздерінің мәлімделген активті қуатты тұтынудың сағаттық графигінен аспайды.	Елеулі
524	Белгіленген қуаты 10 МВт-тан жоғары энергия өндіруші ұйымдардың екі тәуелсіз бағыты бойынша жүйелік оператордың диспетчерлік орталығына байланыс және телеметрия деректерін беру арналарын ұйымдастырудың болуы.	Өрескел
525	Трансформаторлар мен майлы реакторлардың өрт сөндіру қондырғысының құбыржолдары мен бекіту арматурасының жүйелерін қызылға бояуды жүргізу.	Елеулі
526	Жабдықтардың түрлері, электр станциясының ғимараттары мен құрылыстары бойынша техникалық қызмет көрсету жұмыстарын есепке алу журналдарының болуы.	Елеулі
527	Энергия өндіруші ұйымның жабдығын жөндеуге шығарудың бекітілген бағдарламасының болуы.	Елеулі
528	Энергия өндіруші ұйымның жабдығын жөндеу нәтижелері бойынша бекітілген нысандар бойынша жабдықтың техникалық жай-күйі параметрлер ведомосін толтыру.	Елеулі
529	Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне мемлекеттік органда біліктілік тексеруіне жататын жаңадан қабылданған/жұмыстан шығарылған басшы қызметкерлер туралы ақпарат қабылданған (жұмыстан босатылған) күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде ұсыну.	Елеулі
530	Басшы бекіткен персоналмен жылдық жұмыс жоспарының болуы.	Елеулі
531	1 тамыздан бастап күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлікті бағалау жөніндегі ұйымның комиссиясын құру туралы жыл сайынғы бұйрықтың болуы.	Елеулі
532	Электр және жылу жүктемелеріне абсолюттік немесе салыстырмалы есептеудегі оның жұмысының техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің тәуелділігін белгілейтін жабдықтың әзірленген энергетикалық сипаттамаларының болуы. Жіберілген электр және жылу энергиясына отынның бастапқы-номиналды үлестік шығыстарының, ал гидроэлектр станцияларында – босатылған электр энергиясына судың нормативтік үлестік шығыстарының әзірленген графиктері.	Өрескел
533	Ұйым басшысының қызметкерге атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық міндеттерін орындамағаны үшін алты айдан астам мерзім ішінде біліміне кезектен тыс біліктілік тексеру тағайындау туралы шешімінің болуы.	Елеулі
534	Білімді біліктілік тексеру жөніндегі орталық комиссия құру туралы басшының жыл сайынғы бұйрығының болуы.	Елеулі

”;

Энергия беруші ұйымдарға қатысты тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарында:

Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 және 22-жолдармен толықтырылсын:

"

13	Технологиялық бұзушылықтарды тергеп-тексеру мерзімдерінің бұзылуы (технологиялық бұзушылық пайда болған сәттен бастап үш тәуліктен кешіктірілмей басталады және комиссия құрылған күннен бастап он жұмыс күннің ішінде аяқталады).	Елеулі
14	Комиссия құрылған кезден бастап он жұмыс күні ішінде технологиялық бұзушылықты тергеп-тексеруді аяқтау мүмкін болмаған жағдайларда, тергеп-тексеруді ұзарту мерзімдерін бұзу (тергеп-тексеру мерзімдері күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімге ұзартылады).	Елеулі
15	Технологиялық бұзушылықты, аварияларды, I дәрежелі істен шығуларды, сондай-ақ II дәрежелі істен шығуларды тексеру нәтижелерін тексеру актісімен ресімдемеу: 1) қолданылу мерзімін өтемеген жабдықтың зауыттық ақауларына байланысты зақымдалуына; 2) электр станциясының жүктемелерін толық түсіруіне; 3) 110-1150 кВ электр желілерінің, сондай-ақ 110 кВ және жоғары кіші станциялардың негізгі жабдығының зақымдалуына; 4) жылыту маусымында жылу жүйелерінің зақымдалуына; 5) қызметкердің қате әрекеттері.	Елеулі
16	Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде келесі күнтізбелік жылға білімді біліктілік тексеруге жататын басшылардың жыл сайынғы тізімін ұсынбау.	Елеулі
17	Жыл сайын 1 тамыздан бастап күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындығын бағалау жөніндегі комиссияның құрылуы және жұмыстың басталу мерзімін бұзуы.	Елеулі
18	Ұйымның әзірлік паспортын алу үшін құжаттарды ұсыну мерзімдерін бұзу.	Өрескел
19	Егер ұйымдар күзгі-қысқы кезеңде жұмысқа дайын болмаса, кемшіліктерді жоюдың нақты мерзімдерін көрсете отырып, келісілген іс-шаралар жоспарын ұсынбау.	Өрескел
20	Әзірлік паспортын ескертулермен алған ұйым ескертуді орындау мерзімі өткен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей берілген ескертулердің орындалуы туралы ақпаратты ұсынбауы.	Өрескел
21	Негізгі жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды жөндеудің перспективалық және жылдық кестелерінің болмауы.	Өрескел
22	Жоспарланған жөндеу көлемін уақтылы қамтамасыз ету үшін қосалқы бөлшектердің, материалдардың және тораптар мен жабдықтардың айырбастау қорының энергия объектілерін пайдалану (авариялық) қорымен қамтамасыз етілмеуі.	Өрескел

";

Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері бөлімінде (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді):

реттік нөмірі 15-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

15	Өзінің интернет-ресурсында электрмен жабдықтау желісіне қосылу және техникалық шарттарды беру процесіне арналған бөлімнің болуы: электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосылуға арналған бөлімді әзірлеу; кемінде 3 ай мерзімділігімен жүктелетін кіші станцияларды жүктеу туралы ақпаратты орналастыру қамтылады.	Болмашы
----	---	---------

";

реттік нөмірі 19-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

19	Шарт акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық поштамен, факспен, пошта жөнелтілімімен, қысқа мәтіндік хабарламамен, мультимедиалық хабарламамен, қолданыстағы мессенджерлермен) Тұтынушыға электр энергиясын жеткізу тоқтатылғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен бұрын мерзімде (электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке пайдаланатын тұтынушыға кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын мерзімде) электр энергиясын беруді тоқтату (шектеу) туралы жазбаша ескертудің болуы.	Өрескел
----	---	---------

”;

реттік нөмірі 21-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

21	Энергия беруші ұйымның жабдықты жөндеу және жаңа тұтынушыларды қосу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізу үшін тұтынушыны электр энергиясымен жабдықтауды тоқтату туралы ажыратудан күнтізбелік үш күн бұрын ескертуінің болуы.	Өрескел
----	---	---------

”;

реттік нөмірі 26-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

26	Электр энергиясын тұтынушыға еркін нысанда бұзушылық туралы жасалған актінің болуы және мынадай бұзушылықтар кезінде қайта есептеу жүргізу: 1) энергия өндіруші ұйымның желілеріне өз еркімен қосылу; 2) электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабынан (бұдан әрі – КЕАА) басқа электр энергиясын қабылдағыштарды қосу; 3) КЕАА, ток трансформаторларын және кернеуді қосу схемасының өзгеруі; 4) КЕАА жасанды дискісін тежеу; 5) КЕАА көрсеткіштерін бұрмалайтын құралдарды орнату.	Өрескел
----	---	---------

”;

реттік нөмірі 276-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

276	Қызметкерді дербес жұмысқа жіберу туралы ұйым немесе құрылымдық бөлімше бойынша өкімдік құжаттың болуы.	Болмашы
-----	---	---------

”;

Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы алдыңғы тексерулер мен профилактикалық бақылаудың нәтижелері бөлімі (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді) мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 288, 289, 290, 291, 292, 293, 294, 295, 296, 297, 298, 299, 300, 301, 302, 303, 304, 305, 306, 307, 308, 309, 310, 311, 312, 313, 314, 315, 316, 317, 318, 319, 320, 321, 322, 323, 324, 325, 326, 327, 328, 329, 330, 331, 332, 333, 334, 335, 336, 337, 338, 339, 340, 341, 342, 343, 344, 345, 346, 347, 348, 349, 350, 351, 352, 353, 354, 355, 356, 357, 358, 359, 360, 361, 362, 363, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 371, 372, 373, 374, 375, 376, 377, 378, 379, 380, 381, 382, 383, 384, 385, 386, 387, 388, 389, 390, 391, 392, 393, 394, 395, 396, 397, 398, 399, 400, 401, 402, 403, 404, 405, 406, 407, 408, 409, 410, 411, 412, 413, 414, 415, 416, 417 және 418-жолдармен толықтырылсын:

"

288	Жабық тарату құрылғыларының үй-жайларын таза ұстау.	Елеулі
-----	---	--------

289	Жабық тарату қондырғыларының үй-жайлары мен дәліздерінде тарату қондырғысына қатысы жоқ қойма және басқа да қосалқы құрылыстары ретінде пайдалануға, сондай-ақ электр-техникалық жабдықтарды, материалдарды, қосалқы бөлшектерді, жанатын сұйықтыққа толы ыдыстар мен басқа да әртүрлі газы бар баллондарды сақтауға жол бермеу.	Өрескел
290	Кіре берісте алғашқы өрт сөндіру құралдарын үй-жайда тұрақты персоналы бар кіші станцияларда, сондай-ақ электр станцияларында жабық тарату құрылғыларын орналастыру . Жабық тарату құрылғыларын секцияларға бөлу кезінде өрт сөндіру бекеттері тамбурларда немесе баспалдақ алаңдарының жанында орналасады.	Елеулі
291	Жедел журналдың және тексеру нәтижелерін және анықталған кемшіліктерді енгізуге арналған жабдығы бар ақаулар мен оқшылықтар журналының (немесе картотеканың) болуы.	Өрескел
292	Кабельдік құрылыстарға кемінде 50 м сайын жақын жердегі шығу көрсеткіштері орнатылуының болуы.	Өрескел
293	Қабырға, арақабырға және шатыр арқылы өткізілетін кабельдердің орны 0,75 сағ. кем емес өртке төзімділігін қамтамасыз ету үшін тығыздылығының болуы.	Өрескел
294	"Компрессорлы-конденсаторлы блоктар" түріндегі кабельдік қораптарда жылдам алынатын қақпақтардың болуы.	Елеулі
295	Реконструкциялау немесе жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде жанғыш полиэтиленді оқшаулағышы бар кабельді қолданбау.	Өрескел
296	Май толтырылған кабельдерді қоректендіретін құрылғылардың үй-жайларында жанатын, осы қондырғыға қатысы жоқ басқа да материалдарды сақтауға жол бермеу.	Өрескел
297	Реконструкциялау және жөндеу жұмыстары кезінде кабельдік құрылыстар арқылы кез келген транзитті коммуникациялар мен шинасымдарды салу, сондай-ақ түбі тегіс және қорабы бар металл люктерді қолдануға жол бермеу.	Өрескел
298	Диаметрі 100 мм-ден астам кабельдердің шоғырлануын орындауға жол бермеу.	Өрескел
299	Май қабылдау құрылғыларының борттық қоршауларын жерден 150 мм кем емес биіктікте қиыршық тас төгілген барлық периметрі бойынша орындау.	Өрескел
300	Акумуляторлық батареялар үй-жайының есігіне тиісті жазулар, сондай-ақ қауіпсіздікке қажетті ескерту және тыйым салу белгілерінің болуы.	Өрескел
301	Көрінетін жерде өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтың болуы.	Елеулі
302	<p>Әрбір энергетикалық кәсіпорындарда мынадай өрт қауіпсіздігі жөнінде құжаттамалардың б о л у ы :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) кәсіпорындарда өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы жалпы нұсқаулық; 2) цехтардағы, зертханалардағы, шеберханалардағы, қоймалар мен басқа да өндірістік және қосалқы құрылыстардағы өрт қауіпсіздігінің нұсқаулығы; 3) өрт сөндіру қондырғыларына қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық; 4) өрт сигнализациясының қондырғыларына қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық; 5) кернеуі 500 кВ және одан жоғары кіші станциялар мен қуатқа тәуелсіз барлық жылу және гидравликалық электр станциялары үшін өрт сөндіру жоспары; 6) кернеуі 35 кВ және одан жоғары кіші станциялар үшін өрт сөндірудің жедел к а р т о ч к а л а р ы ; 7) сумен жабдықтау жүйесін, өртті табу мен сөндіру қондырғыларын пайдалану жөніндегі н ұ с қ а у л ы қ ; 8) жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды, басқару, қорғау жүйелері, телемеханика, байланыс пен басқарудың автоматтандырылған жүйесінің техникалық құралдарын пайдалану жөніндегі нұсқаулық. 	Өрескел
303	Энергетикалық кәсіпорын аумағында ғимараттар мен жолдардың айналасында автомобильдер мен адамдардың еркін жүруін қамтамасыз ету.	Болмашы

304	Эвакуация жолдарында персоналдың шығуына арналған белгілердің болуы.	Өрескел
305	Жұмыс және авариялық жарықтандырудың жұмыс жағдайында болуы.	Елеулі
306	Өзірлік паспортымен берілген ескертулердің орындалуы туралы ақпаратты ескертуді орындау мерзімі өткен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға, оның аумақтық бөлімшелеріне беру.	Өрескел
307	Энергиямен жабдықтаушы ұйымның электр энергиясын тоқтатуға (шектеуге) өтінімі болған кезде энергия беруші ұйымның электр энергиясын беруді тоқтатуын толық немесе ішінара орындауы.	Өрескел
308	Электрмен жабдықтау шартының талаптарын бұзғаны үшін ажыратылған тұтынушыны қосуды Тұтынушы бұзушылықтардың жойылғанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өтініш жасағаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде орындау.	Өрескел
309	Коммерциялық есепке алуды тексеру туралы еркін нысандағы актінің болуы, онда бұған құқығы бар ұйымның бастапқы немесе кезеңдік тексеруі туралы пломбаның (таңбаның) немесе пломбалау құрылғысының, коммерциялық есепке алу аспабының шынысы мен корпусының бүтіндігінің болуы немесе болмауы, коммерциялық есепке алу аспабының көрсеткіштерін алу кезінде көзбен шолып қарау кезінде жарты жылда 1 (бір) рет энергия беруші ұйым бұрын белгілеген орындарда энергия беруші ұйымның пломбалау құрылғысының болуы немесе болмауы.	Өрескел
310	Тәулігіне 24 сағатты пайдалануды ескере отырып, бірақ техникалық шарттарға сәйкес рұқсат етілген қуаттан аспайтын нақты қосылған жүктемеге сүйене отырып, қайта есептеудің болуы, бұл ретте қайта есептеу кезеңі коммерциялық есепке алу аспабын соңғы ауыстыру немесе оны қосу схемасын соңғы аспаптық тексеру күнінен бастап, бірақ бір жылдан аспайтын барлық уақыт үшін айқындалады.	Өрескел
311	Меншік құқығын сатып алған сәттен бастап, бірақ энергия беруші ұйымның электр желілеріне өз бетінше қосылғаны анықталған кезде бір жылдан аспайтын нақты қосылған жүктеме бойынша пайдаланылған энергия көлемі актісінің және қайта есептеуінің болуы.	Өрескел
312	Тұтынушылардың электр қондырғыларында монтаждауда кемшіліктер берілген техникалық шарттардан, жобалық құжаттамадан және нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарынан ауытқуы анықталған жағдайда электр қондырғыны пайдалануға беруге жол бермеу.	Өрескел
313	Кіші станцияның негізгі және қосалқы жабдықтарында осы жабдыққа дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес номиналды деректері бар тақтайшаның болуы.	Өрескел
314	Пайдалану процесінде орындалған және оған бақылаушы адамның қолы қойылып, лауазымы мен өзгеріс енгізілген күні көрсетіле отырып енгізілген энергетикалық қондырғылардың барлық өзгерістерінің нұсқаулықтарда, схемалар мен сызбаларда болуы.	Өрескел
315	Ғимараттар мен құрылыстарды жарамды жағдайда ұстау.	Өрескел
316	Энергия объектісінің басшысы бекіткен, бас жобалаушымен келісілген тізбе бойынша негізгі өндірістік ғимараттар мен құрылыстардың құрылыс конструкцияларын 5 жылда бір рет мамандандырылған ұйымның техникалық куәландыруының болуы.	Өрескел
317	Электр қозғалтқыштары мен олардың жұмыс істеуіне әкелетін механизмдерде айнарудың бағытын көрсететін көрсеткіштің болуы.	Өрескел
318	Электр қозғалтқыштары мен оларды іске қосу құрылғыларында оған жататын агрегаттың атауы бар жазулардың болуы.	Өрескел
319	Трансформаторлар мен реакторлардың бактарында станциялық (кіші станциялық) нөмірлердің сыртқы қондырғыларының болуы, сондай-ақ трансформаторлық пункттер мен камералардың есіктері мен ішкі бетінде осындай нөмірлердің болуы.	Өрескел
320	Бір фазалы трансформаторлар мен реакторлар бактарында фаза түсінің болуы.	Өрескел

321	Трансформаторлардың (реакторлардың) салқындату құрылғыларының электр қозғалтқышын екі энергия көзінен қоректендіруді, ал майдың мәжбүрлі айналымы бар трансформаторлар (реакторлар) үшін резервті автоматты енгізу арқылы орындау.	Өрескел
322	Майдың айналымын, салқындатылатын суды тоқтату туралы немесе желдеткішті тоқтату туралы сигнализация құрылғыларын жұмысқа қоспай, жасанды салқындату арқылы трансформаторлар мен реакторларды пайдаланылуға жол бермеу.	Өрескел
323	Жерге тұйықтау жетек тұтқыштарын қызыл түспен, ал жерге тұйықтау пышақтарын жолақтармен (ақ және қызыл түспен) бояу.	Өрескел
324	Сақтандыру қалқандары мен (немесе) қосылу сақтандырғыштарында орнатудың номиналды тогы көрсетілген жазбаның болу.	Өрескел
325	Жабдық корпустарының металл бөліктерінде фазалардың түсін белгілеудің болуы.	Өрескел
326	Ажыратқыштардың, жерге тұйықтау пышақтарының, бөлгіштердің, қысқа тұйықтағыштар мен қабырға арқылы аппараттардан бөлінген басқа да аппараттар жетектерінің қосу және ажырату сілтемелерінің болуы.	Өрескел
327	Аккумуляторлық батареялар үй-жайларындағы есіктерге "Аккумулятор бөлмесі", "Өртке қауіпті", "Темекі шегуге тыйым салынады" деген жазбалардың және ашық отты қолдану мен темекі шегуге жол бермеу туралы тиісті қауіпсіздік белгілерінің болуы.	Өрескел
328	Әрбір аккумуляторлық қондырғыларда осы тексерулер мен жүргізілген жұмыстардың көлемі туралы жазуға арналған журналдың болуы.	Елеулі
329	Желі бойынша негізгі деректерді көрсете отырып, әрбір кабельдік желі үшін паспорттың болуы.	Өрескел
330	Кабель желілеріндегі тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар туралы ақаулар мен оқиғалықтар журналында жазбаның болуы.	Елеулі
331	Тікелей қолмен басқарылатын (жетексіз) тесіктері мен саңылаулары жоқ, жанбайтын қаптамамен қорғалған, жүктеме тогын қосуға және ажыратуға арналған және операторға қарайтын түйіспелері бар ажыратқыштардың болуы, бұл ретте кернеуді түсіруге ғана арналған ажыратқыштарды, олар біліктілігі жоқ персонал үшін қолжетімсіз болған жағдайда, ашық орнатуға жол беріледі.	Өрескел
332	Егер ажыратқышта ашық контактілер болмаса және оның жетегі ажыратқыштан қабырға арқылы бөлінсе, ажыратқышта және жетекте ажыратқыштың орналасу көрсеткішінің болуы.	Өрескел
333	Тарату құрылғыларында және кіші станцияларда 1 кВ жоғары стационарлық жерге тұйықтау пышақтарының болуы.	Өрескел
513	Жеткізушілерден энергия кәсіпорнына қабылданған отандық және шетелде шығарылған барлық энергетикалық майларына (турбиналық, электр оқшаулағыш, компрессорлық, индустриялық және т. б.) мыналардың болуы : 1) сапа сертификаттары немесе паспорттары және олардың стандарт (мемлекеттік стандарт немесе техникалық шарттар) талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатында зертханалық талдаудан өткен; 2) энергетикалық майдың әрбір жеткізілетін партиясына полихлордифенилдердің, полихлорбифенилдердің орнықты органикалық ластағыштарының жоқтығын растайтын сапа сертификаттары (паспорттары немесе сынақ хаттамалары); 3) энергетикалық майдың қауіпсіздік паспорттары.
514	Электр станцияларында мұнай турбиналық майының ең ірі агрегаттың май жүйесінің сыйымдылығына тең (немесе одан көп) мөлшердегі тұрақты қорының және кемінде 45 күндік қажеттілікті құю қорының болуы.
515	Отқа төзімді турбиналық майдың тұрақты қорын бір турбоагрегат үшін құюға жылдық қажеттіліктен кем емес деңгейде қамтамасыз ету.
516	Әрбір электр станциясында қосалқы жабдықтар үшін кемінде 45 күндік қажеттілікке жағармай материалдарының тұрақты қорының болуы.
517	Әрбір жылу электр орталығы және басқа да жылу көздері үшін жылу желісінің диспетчерлік қызметі жасаған және жылу желісінің бас диспетчері (диспетчерлік қызмет бастығы) бекіткен жылу жүктемесі графигінің болуы.
518	Диспетчерлік басқарудың барлық деңгейлерінде жедел келіссөздерді және электр станциялары мен ірі кіші станциялар ауысым бастықтарының жазу құрылғысына жедел келіссөздерді автоматты түрде тіркеудің болуы.
519	Металл гильза панельдері арқылы өту (қиылысу) орындарында сымдар мен кабельдердің болуы.
520	Жабық тарату құрылғыларының үй-жайлары мен дәліздерінде тарату құрылғысына жатпайтын қоймалар мен басқа да қосалқы құрылыстардың болуына, сондай-ақ электр техникалық жабдықтарды, материалдарды, қосалқы бөлшектерді, жанғыш сұйықтықтары бар сыйымдылықтарды және әртүрлі газдары бар баллондарды сақтауға жол бермеу.
521	Жабық тарату құрылғыларының кабельдік каналдарының және ашық тарату құрылғыларының жер бетіндегі плиттамен жабылған кабельдік лотоктарының болуы.
522	Кабель құрылыстарында кемінде 50 м сайын жақын жердегі шығу көрсеткіштері болуы.

523	Олардың негізінде Қазақстанның бірыңғай энергетикалық жүйесінде (бұдан әрі - БЭЖ) қуат теңгерімін басқару ұйымдастырылатын тәуліктік графиктердің болуы, бұл ретте электр станциялары жүктемелердің және айналмалы резервтің берілген тәуліктік графигін орындайды, ал желіні пайдаланушылар өздерінің мәлімделген активті қуатты тұтынудың сағаттық графигінен аспайды.
524	Белгіленген қуаты 10 МВт-тан жоғары энергия өндіруші ұйымдардың екі тәуелсіз бағыты бойынша жүйелік оператордың диспетчерлік орталығына байланыс және телеметрия деректерін беру арналарын ұйымдастырудың болуы.
525	Трансформаторлар мен майлы реакторлардың өрт сөндіру қондырғысының құбыржолдары мен бекіту арматурасының жүйелерін қызылға бояу жүргізу.
526	Жабдықтардың түрлері, электр станциясының ғимараттары мен құрылыстары бойынша техникалық қызмет көрсету жұмыстарын есепке алу журналдарының болуы.
527	Энергия өндіруші ұйымның жабдығын жөндеуге шығарудың бекітілген бағдарламасының болуы.
528	Энергия өндіруші ұйымның жабдығын жөндеу нәтижелері бойынша бекітілген нысандар бойынша жабдықтың техникалық жай-күйі параметрлер ведомосін толтыру.
529	Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне мемлекеттік органда біліктілік тексеруіне жататын жаңадан қабылданған/жұмыстан шығарылған басшы қызметкерлер туралы ақпарат қабылданған (жұмыстан босатылған) күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде ұсыну.
530	Басшы бекіткен персоналмен жылдық жұмыс жоспарының болуы.
531	1 тамыздан бастап күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлікті бағалау жөніндегі ұйымның комиссиясын құру туралы жыл сайынғы бұйрықтың болуы.
532	Электр және жылу жүктемелеріне абсолюттік немесе салыстырмалы есептеудегі оның жұмысының техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің тәуелділігін белгілейтін жабдықтың әзірленген энергетикалық сипаттамаларының болуы. Жіберілген электр және жылу энергиясына отынның бастапқы-номиналды үлестік шығыстарының, ал гидроэлектр станцияларында – босатылған электр энергиясына судың нормативтік үлестік шығыстарының әзірленген графиктері.
533	Ұйым басшысының қызметкерге атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық міндеттерін орындамағаны үшін алты айдан астам мерзім ішінде біліміне кезектен тыс біліктілік тексеру тағайындау туралы шешімінің болуы.
534	Білімді біліктілік тексеру жөніндегі орталық комиссия құру туралы басшының жыл сайынғы бұйрығының болуы.

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Энергия беруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағында:

реттік нөмірі 15-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

15	Өзінің интернет-ресурсында электрмен жабдықтау желісіне қосылу және техникалық шарттарды беру процесіне арналған бөлімнің болуы, онда: электрмен жабдықтау желілеріне технологиялық қосылуға арналған бөлімді әзірлеу; кемінде 3 ай мерзімділігімен жүктелетін кіші станцияларды жүктеу туралы ақпаратты орналастыру қамтылады.
----	---

”;

реттік нөмірі 19-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

19	Шарт акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық поштамен, факспен, пошта жөнелтілімімен, қысқа мәтіндік хабарламамен, мультимедиалық хабарламамен, қолданыстағы мессенджерлермен) Тұтынушыға электр энергиясын жеткізу тоқтатылғанға дейін 5 (бес) жұмыс күнінен бұрын мерзімде (электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке пайдаланатын тұтынушыға кемінде күнтізбелік 30 (
----	---

отыз) күн бұрын мерзімде) электр энергиясын беруді тоқтату (шектеу) туралы жазбаша ескертудің болуы.

”;

реттік нөмірі 21-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

21 Энергия беруші ұйымның жабдықты жөндеу және жаңа тұтынушыларды қосу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізу үшін тұтынушыны электр энергиясымен жабдықтауды тоқтату туралы ажыратудан күнтізбелік үш күн бұрын ескертуінің болуы.

”;

реттік нөмірі 26-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

26 Электр энергиясын тұтынушыға еркін нысанда бұзушылық туралы жасалған актінің болуы және мынадай бұзушылықтар кезінде қайта есептеу жүргізу:
1) энергия өндіруші ұйымның желілеріне өз еркімен қосылу;
2) электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабынан (бұдан әрі – КЕАА) басқа электр энергиясын қабылдағыштарды қосу;
3) КЕАА, ток трансформаторларын және кернеуді қосу схемасының өзгеруі;
4) КЕАА жасанды дискісін тежеу;
5) КЕАА көрсеткіштерін бұрмалайтын құралдарды орнату.

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Энергия беруші ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағы мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 288, 289, 290, 291, 292, 293, 294, 295, 296, 297, 298, 299, 300, 301, 302, 303, 304, 305, 306, 307, 308, 309, 310, 311, 312, 313, 314, 315, 316, 317, 318, 319, 320, 321, 322, 323, 324, 325, 326, 327, 328, 329, 330, 331, 332, 333, 334, 335, 336, 337, 338, 339, 340, 341, 342, 343, 344, 345, 346, 347, 348, 349, 350, 351, 352, 353, 354, 355, 356, 357, 358, 359, 360, 361, 362, 363, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 371, 372, 373, 374, 375, 376, 377, 378, 379, 380, 381, 382, 383, 384, 385, 386, 387, 388, 389, 390, 391, 392, 393, 394, 395, 396, 397, 398, 399, 400, 401, 402, 403, 404, 405, 406, 407, 408, 409, 410, 411, 412, 413, 414, 415, 416, 417 және 418-жолдармен толықтырылсын:

”

288	Жабық тарату құрылғыларының үй-жайларын таза ұстау.
289	Жабық тарату қондырғыларының үй-жайлары мен дәліздерінде тарату қондырғысына қатысы жоқ қойма және басқа да қосалқы құрылыстары ретінде пайдалануға, сондай-ақ электр-техникалық жабдықтарды, материалдарды, қосалқы бөлшектерді, жанатын сұйықтыққа толы ыдыстар мен басқа да әртүрлі газы бар баллондарды сақтауға жол бермеу.
290	Кіре берісте алғашқы өрт сөндіру құралдарын үй-жайда тұрақты персоналы бар кіші станцияларда, сондай-ақ электр станцияларында жабық тарату құрылғыларын орналастыру. Жабық тарату құрылғыларын секцияларға бөлу кезінде өрт сөндіру бекеттері тамбурларда немесе баспалдақ алаңдарының жанында орналасады.
291	Жедел журналдың және тексеру нәтижелерін және анықталған кемшіліктерді енгізуге арналған жабдығы бар ақаулар мен олқылықтар журналының (немесе картотеканың) болуы.
292	Кабельдік құрылыстарға, кемінде 50 м сайын жақын жердегі шығу көрсеткіштері орнатылуының болуы.

293	Қабырға, арақабырға және шатыр арқылы өткізілетін кабельдердің орны кемінде 0,75 сағ. өртке төзімділігін қамтамасыз ету үшін тығыздылығының болуы.
294	"Компрессорлы-конденсаторлы блоктар" түріндегі кабельдік қораптарда жылдам алынатын қақпақтардың болуы.
295	Реконструкциялау немесе жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде жанғыш полиэтиленді оқшаулағышы бар кабельді қолданбау.
296	Май толтырылған кабельдерді қоректендіретін құрылғылардың үй-жайларында жанатын, осы қондырғыға қатысы жоқ басқа да материалдарды сақтауға жол бермеу.
297	Реконструкциялау және жөндеу жұмыстары кезінде кабельдік құрылыстар арқылы кез келген транзитті коммуникациялар мен шинасымдарды салу, сондай-ақ түбі тегіс және қорабы бар металл люктерді қолдануға жол бермеу.
298	Диаметрі 100 мм-ден астам кабельдердің шоғырлануын орындауға жол бермеу.
299	Май қабылдау құрылғыларының борттық қоршауларын жерден 150 мм кем емес биіктікте қиыршық тас төгілген барлық периметрі бойынша орындау.
300	Аккумуляторлық батареялар үй-жайының есігіне тиісті жазулар, сондай-ақ қауіпсіздікке қажетті ескерту және тыйым салу белгілерінің болуы.
301	Көрінетін жерде өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтың болуы.
302	<p>Әрбір энергетикалық кәсіпорындарда мынадай өрт қауіпсіздігі жөнінде құжаттамалардың болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) кәсіпорындарда өрт қауіпсіздігінің шаралары туралы жалпы нұсқаулық; 2) цехтардағы, зертханалардағы, шеберханалардағы, қоймалар мен басқа да өндірістік және қосалқы құрылыстардағы өрт қауіпсіздігінің нұсқаулығы; 3) өрт сөндіру қондырғыларына қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық; 4) өрт сигнализациясының қондырғыларына қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық; 5) кернеуі 500 кВ және одан жоғары кіші станциялар мен қуатқа тәуелсіз барлық жылу және гидравликалық электр станциялары үшін өрт сөндіру жоспары; 6) кернеуі 35 кВ және одан жоғары кіші станциялар үшін өрт сөндірудің жедел карточкалары; 7) сумен жабдықтау жүйесін, өртті табу мен сөндіру қондырғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулық; 8) жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды, басқару, қорғау жүйелері, телемеханика, байланыс пен басқарудың автоматтандырылған жүйесінің техникалық құралдарын пайдалану жөніндегі нұсқаулық.
303	Энергетикалық кәсіпорын аумағында ғимараттар мен жолдардың айналасында автомобильдер мен адамдардың еркін жүруін қамтамасыз ету.
304	Эвакуация жолдарында персоналдың шығуына арналған белгілердің болуы.
305	Жұмыс және авариялық жарықтандырудың жұмыс жағдайында болуы.
306	Өзірлік паспортымен берілген ескертулердің орындалуы туралы ақпаратты ескертуді орындау мерзімі өткен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік органға, оның аумақтық бөлімшелеріне беру.
307	Энергиямен жабдықтаушы ұйымның электр энергиясын тоқтатуға (шектеуге) өтінімі болған кезде энергия беруші ұйымның электр энергиясын беруді тоқтатуын толық немесе ішінара орындауы.
308	Электрмен жабдықтау шартының талаптарын бұзғаны үшін ажыратылған тұтынушыны қосуды тұтынушы бұзушылықтардың жойылғанын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өтініш жасағаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде орындау.
309	Коммерциялық есепке алуды тексеру туралы еркін нысандағы актінің болуы, онда бұған құқығы бар ұйымның бастапқы немесе кезеңдік тексеруі туралы пломбаның (таңбаның) немесе пломбалау құрылғысының, коммерциялық есепке алу аспабының шынысы мен корпусының бүтіндігінің болуы немесе болмауы, коммерциялық есепке алу аспабының көрсеткіштерін алу кезінде көзбен шолып қарау кезінде жарты жылда 1 (бір) рет энергия беруші ұйым бұрын белгілеген орындарда энергия беруші ұйымның пломбалау құрылғысының болуы немесе болмауы.

310	Тәулігіне 24 сағатты пайдалануды ескере отырып, бірақ техникалық шарттарға сәйкес рұқсат етілген қуаттан аспайтын нақты қосылған жүктемеге сүйене отырып, қайта есептеудің болуы, бұл ретте қайта есептеу кезеңі коммерциялық есепке алу аспабын соңғы ауыстыру немесе оны қосу схемасын соңғы аспаптық тексеру күнінен бастап, бірақ бір жылдан аспайтын барлық уақыт үшін айқындалады.
311	Меншік құқығын сатып алған сәттен бастап, бірақ энергия беруші ұйымның электр желілеріне өз бетінше қосылғаны анықталған кезде бір жылдан аспайтын нақты қосылған жүктеме бойынша пайдаланылған энергия көлемі актісінің және қайта есептеуінің болуы.
312	Тұтынушылардың электр қондырғыларында монтаждауда кемшіліктер берілген техникалық шарттардан, жобалық құжаттамадан және нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарынан ауытқуы анықталған жағдайда электр қондырғыны пайдалануға беруге жол бермеу.
313	Кіші станцияның негізгі және қосалқы жабдықтарында осы жабдыққа дайындаушы зауыттың нұсқаулығына сәйкес номиналды деректері бар тақтайшаның болуы.
314	Пайдалану процесінде орындалған және оған бақылаушы адамның қолы қойылып, лауазымы мен өзгеріс енгізілген күні көрсетіле отырып енгізілген энергетикалық қондырғылардың барлық өзгерістерінің нұсқаулықтарда, схемалар мен сызбаларда болуы.
315	Ғимараттар мен құрылыстарды жарамды жағдайда ұстау.
316	Энергия объектісінің басшысы бекіткен, бас жобалаушымен келісілген тізбе бойынша негізгі өндірістік ғимараттар мен құрылыстардың құрылыс конструкцияларын 5 жылда бір рет мамандандырылған ұйымның техникалық куәландыруының болуы.
317	Электр қозғалтқыштары мен олардың жұмыс істеуіне әкелетін механизмдерде айнарудың бағытын көрсететін көрсеткіштің болуы.
318	Электр қозғалтқыштары мен оларды іске қосу құрылғыларында оған жататын агрегаттың атауы бар жазулардың болуы.
319	Трансформаторлар мен реакторлардың бактарында станциялық (кіші станциялық) нөмірлердің сыртқы қондырғыларының болуы, сондай-ақ трансформаторлық пункттер мен камералардың есіктері мен ішкі бетінде осындай нөмірлердің болуы.
320	Бір фазалы трансформаторлар мен реакторлар бактарында фаза түсінің болуы.
321	Трансформаторлардың (реакторлардың) салқындату құрылғыларының электр қозғалтқышын екі энергия көзінен қоректендіруді, ал майдың мәжбүрлі айналымы бар трансформаторлар (реакторлар) үшін резервті автоматты енгізу арқылы орындау.
322	Майдың айналымын, салқындатылатын суды тоқтату туралы немесе желдеткішті тоқтату туралы сигнализация құрылғыларын жұмысқа қоспай, жасанды салқындату арқылы трансформаторлар мен реакторларды пайдаланылуға жол бермеу.
323	Жерге тұйықтау жетек тұтқыштарын қызыл түспен, ал жерге тұйықтау пышақтарын жолақтармен (ақ және қызыл түспен) бояу.
324	Сақтандыру қалқандары мен (немесе) қосылу сақтандырғыштарында орнатудың номиналды тогы көрсетілген жазбаның болуы.
325	Жабдық корпустарының металл бөліктерінде фазалардың түсін белгілеудің болуы.
326	Ажыратқыштардың, жерге тұйықтау пышақтарының, бөлгіштердің, қысқа тұйықтағыштар мен қабырға арқылы аппараттардан бөлінген басқа да аппараттар жетектерінің қосу және ажырату сілтемелерінің болуы.
327	Аккумуляторлық батареялар үй-жайларындағы есіктерге "Аккумулятор бөлмесі", "Өртке қауіпті", "Темекі шегуге тыйым салынады" деген жазбалардың және ашық отты қолдану мен темекі шегуге жол бермеу туралы тиісті қауіпсіздік белгілерінің болуы.
328	Әрбір аккумуляторлық қондырғыларда осы тексерулер мен жүргізілген жұмыстардың көлемі туралы жазуға арналған журналдың болуы.
329	Желі бойынша негізгі деректерді көрсете отырып, әрбір кабельдік желі үшін паспорттың болуы.

330	Кабель желілеріндегі тексеру кезінде анықталған бұзушылықтар туралы ақаулар мен олқылықтар журналында жазбаның болуы.
331	Тікелей қолмен басқарылатын (жетексіз) тесіктері мен саңылаулары жоқ, жанбайтын қаптапалармен қорғалған, жүктеме тогын қосуға және ажыратуға арналған және операторға қарайтын түйіспелері бар ажыратқыштардың болуы, бұл ретте кернеуді түсіруге ғана арналған ажыратқыштарды, олар біліктілігі жоқ персонал үшін қолжетімсіз болған жағдайда, ашық орнатуға жол беріледі.
332	Егер ажыратқышта ашық контактілер болмаса және оның жетегі ажыратқыштан қабырға арқылы бөлінсе, ажыратқышта және жетекте ажыратқыштың орналасу көрсеткішінің болуы.
333	Тарату құрылғыларында және кіші станцияларда 1 кВ жоғары стационарлық жерге тұйықтау пышақтарының болуы.
334	Жерге тұйықтау пышақтарды жөндеу немесе айырғыштарды жөндеу барысында сөндіру жағдайына кернеу берілетін жағында орналасатын, схеманың осы бөлігінде орналасқан басқа да айырғыштардың жерге тұйықтау пышақтарының, желілік айырғыштар желісі жағындағы жерге тұйықтау пышақтарын және айырғыштардан бөлек орналасқан жеке аппарат есебінде орнатылған жерге тұйықтау пышақтарын қоспағанда, ЭЖТҚ орындауындағы ТҚ болуы.
335	Жерге тұйықтау пышақтарын ақ және қызыл түсті жолақтарға, жерге тұйықтау пышақтары жетектерінің тұтқаларын қызыл түске, ал басқа жетектердің тұтқаларын жабдықтың түстеріне бояуды орындау.
336	Стационарлық жерге тұйықтау пышақтары қолданылмайтын жерлерде жылжымалы ток өткізгіштерін жалғау үшін дайындалған контактілі беттердің ток өткізгіш және жерге тұйықтау шиналарында болуы.
337	Камера едені жер деңгейінен 0,3 м-ден асқан кезде есік пен тосқауыл арасында 0,5 м кем емес арақашықтықтың немесе қарап-тексеру үшін есік алдында алаңның болуы.
338	Жанына баруға және оларды бақылауға ыңғайлы және кернеуді алусыз қауіпсіз шарттарды қамтамасыз ететін, жабдықтың күйін сипаттайтын маймен толтырылған трансформаторлардың және аппараттардың деңгейі мен температура көрсеткіштерінің және басқа да көрсеткіштерінің орналасуын орындау.
339	Еден деңгейінен немесе жер бетінен трансформатор кранына немесе аппаратқа дейінгі қашықтық 0,2 м кем емес немесе май сынамасын алуға арналған тиісті шұңқырдың болуы.
340	Маймен толтырылған электротехникалық құрылғылар бойымен жүргізілген қорғаныс, өлшеу, сигнал беру және жарықтандыру тізбектерінің электр сымдарының болуы.
341	Тікелей күн сәулесімен қыздыруды азайту үшін сыртқы қондырғы трансформаторларын, реакторларын мен конденсаторларын атмосфералық әсерлерге және майдың әсеріне төзімді ашық түсті бояулармен бояудың болуы.
342	Электр жарықтанумен қамсыздандырылған таратушы құрылғылар мен кіші станциялардың болуы, бұл ретте жарықтандырушы арматура оның қауіпсіз қызмет етілуін қамтамасыз ететіндей орнатылған.
343	Аралықта иілгіш сымдардың жалғануы престеу арқылы, ал тіректердегі жалғануы аралықта тармақталуды жалғау және аппараттық қысқыштарға жалғау, пісіру не престеу арқылы, сондай-ақ аралықтағы тармақталулардың жалғануы аралық сымдарын қимай жүргізілуін орындау.
344	Сымдарды дәнекерлеу мен орауға жол бермеу.
345	Ашық тарату құрылғысының құрама шиналарынан құрама шиналардан төмен тармақтауды орындау.
346	Екі не одан көп секциялар үстінде немесе жинақталған шиналар жүйесі үстінде бір аралықпен шиналауды ілуге жол бермеу.
347	Ашық тарату құрылғыларының ток өткізгіш бөліктері үстінен және астынан әуе жарықтандырушы желілерін, байланыс желілерін және сигнал беру желілерін жүргізуге жол бермеу.

348	Трансформаторлық шеберханадан және аппараттық май шаруашылығынан, сондай-ақ май қоймаларынан ашық тарату құрылғыларының қоршауларына дейінгі өртке қарсы арақашықтықтың кемінде 6 м болуы.
349	Жабық тарату құрылғысының ғимараттарынан электр станциялары мен кіші станцияның басқа да өндірістік ғимараттарына дейінгі арақашықтықтың кемінде 7 м болуы, бұл ретте көрсетілген арақашықтық басқа ғимаратқа қарап тұрған жабық тарату құрылғысының қабырғасы өртке қарсы қабырға есебінде өртке қарсы беріктіктегі 2,5 сағатқа тең жағдайда сақталмауы мүмкін.
350	Сутек қоймаларынан ашық тарату құрылғысына, трансформаторларға, синхронды компенсаторларға дейінгі арақашықтықтың кемінде 50 м болуы.
351	<p>Мынадай талаптарды сақтай отырып, май массасы бірлікте (бір бакта) 1 тоннадан астам май толтырылған күштік трансформаторлар (реакторлар) және 110 кВ және одан жоғары бактық ажыратқыштар зақымданған кезде майдың таралуын және өрттің таралуын болдырмау үшін май қабылдағыштардың, май бұрғыштардың және май жинағыштардың болуы:</p> <p>1) май қабылдағыштың габариттері май салмағы 2 т дейін болған кезде бірлі-жарымды электр жабдықтың габариттерінен 0,6 м кем емес шығып тұруы; май салмағы 2-ден 10 т дейін артық болған кезде, 1 м; салмағы 10-нан 50 т дейін артық болған кезде 1,5 м; салмағы 50 т артық болған кезде – 2 м шығып тұруы тиіс. Бұл ретте май қабылдағыш габариті трансформатордан 2 м кем емес арақашықтықта орналасатын қабырға немесе қоршау жағынан 0,5 м аз етіп алынады. Май қабылдағыш көлемі бір қабылданғанда трансформатордың (реактордың) корпусындағы майдың 100 % қабылдап алуына есептеледі. Бактік ажыратқыштарды май қабылдағыштары бір бакке сиятын майдың 80 % қабылдауына е с е п т е л е д і ;</p> <p>2) май қабылдағыштың және май ағызғыштың құрылғысы бір май қабылдағыштан екіншісіне майдың, судың ағуын, майдың кабельдік немесе басқа да жерасты ғимараттар бойынша ағып таралуын, өрттің дүмпуін, май ағызу саңылауына бөгде заттың түсуін немесе саңылауға қар, м ұ з д ы ң т ұ р ы п қ а л у ы н б о л д ы р м а й д ы ;</p> <p>3) қуаты 10 МВА дейінгі трансформаторлар (реакторлар) үшін май қабылдағыштарын май ағызғышсыз орнатуға болады. Бұл ретте май қабылдағыштары үстіне орнатылған жабдыққа сиятын май мөлшеріне есептеліп жасалуы тиіс және үсті металдық тормен жабылып, оның үстіне қалыңдығы 0,25 м таза қиыршықтас қабаты немесе бөліктері 30-дан астам 70 мм дейін тазартылған г р а н и т м а й т а с т ө с е л е д і . Май қабылдағыштан майды және суды ағызып жіберу жылжымалы сорғы агрегатымен көзделеді.</p> <p>Май қабылдағышты май ағызғышсыз қолдануда май қабылдағышта майдың (судың) жоктығын тексеретін қарапайым құрылғы қолданылады.</p> <p>4) Май ағызғышы бар май қабылдағыштар тереңдетілген типтегідей (түбі жердің ауданын қоршайтын деңгейден төмен) тереңдетілмеген типтегідей (түбі ауданның жерін қоршайтын деңгейдің үстінде) о р ы н д а л а д ы . Май қабылдағыштың көлемі қамтамасыз етілсе, тереңдетілген типте орындау қоршаулар кезінде т а л а п е т і л м е й д і . Тереңдетілмеген май қабылдағыш маймен толтырылған қондырғының борттық қоршаулары түрінде орындалуы тиіс. Борттық қоршаулар биіктігі қоршаған ауданның деңгейінен 0,25-тен кем емес және 0,5 м аспайтын болуы тиіс. Май қабылдағыштың (тереңдетілген немесе тереңдетілмеген) түбі тазартылған ірі қиыршық таспен немесе жуылған граниттік шағылдармен не 30-дан 70 мм дейін бөлшектері бар басқа жынысты кезексіз шағылдармен төселуі тиіс.</p> <p>5) маймен толтырылатын электр жабдығы ғимараттың (құрылыстың) темірбетондық жабындысына орнатқан кезде май ағызғыш құрылғы міндетті түрде орнатылуы тиіс.</p> <p>6) май ағызғыштар өртті сөндіру үшін қолданылатын автоматтық стационарлық құрылғылармен май қабылдағыштан жабдықтар мен құрылыстардан өртке қатысты арақашықтықта қауіпсіз, майдың және судың алынуын қамтамасыз етеді; майдың 50 % және судың толық көлемі 0,25 сағат ішінде ағызылуы тиіс. Май ағызғыштары жерасты құбырлары немесе ашық кювет және лоток</p>

	т ү р і н д е	о р ы н д а л а д ы .
	7) май жинақтағыштар майдың анағұрлым толық мөлшері бар бір жабдықтың ішіне сиятын майдың толық көлеміне есептеліп, жабық түрде орындалуы тиіс.	
352	Қарқынды ластануға ұшыраған ӘЖ учаскелерінде арнайы немесе күшейтілген оқшаулауды қолдану.	
353	Құстарды отырғызу мүмкіндігін болдырмайтын немесе құстарды үркітетін және олардың өміріне қауіп төндірмейтін оқшаулағыш аспалардың үстінде, құстармен оқшаулаудың қарқынды ластану аймақтарында және жаппай ұя салатын орындарда арнайы құрылғылардың болуы.	
354	Қолданыстағы желінің басқа ӘЖ және байланыс желілерімен қиылысу аралықтарында ӘЖ пайдалану кезінде әрбір сымда немесе арқанда екіден артық емес қосқыштың болуы.	
355	Ұйымның техникалық басшысы бектікен ӘЖ авариялық зақымданушылықты дер кезінде жою мақсатында белгіленген нормаларға сәйкес материалдардың және бөлшектердің авариялық қорларының болуы және сақталуы.	
356	ӘЖ орналастыруды тіректер ғимаратқа кіру және аулаға кіру есіктерін қоршамайтындай және көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысын қиындатпайтындай етіп орындау.	
357	Кейбір көлік келіп қалатын жерлерде (аулаға шыға берісте, жолдан шығатын жерлерде, жол қиылыстарында) көлік келуінен қорғап тұратын тіректің болуы.	
358	Өзін көтеруші оқшауланған сымдардың ең үлкен салбырау стреласы кезінде және олардың ауытқуы кезінде ағаштың және бұталардың арақашықтығы 0,3 м кем емес болуы.	
359	Бір ӘЖ сымдардың екі қимадан аспайтын болуы.	
360	ӘЖ магистралін бір қималы сымдармен орындау.	
361	ӘЖ магистралінің фазалы сымдарының қимасы кемінде 50 мм^2 кем емес болуы.	
362	ӘЖ магистралінде қимасы 120 мм^2 фазалы сымдарын қолдануға жол бермеу.	
363	ӘЖ сымдармен оқшауланған ғимараттарға енгізу үшін тармақтандыруды қоршаған орта ықпалына тұрақты, қимасы мыстан 6 мм^2 кем емес, алюминийден 16 мм^2 орындау.	
364	Оқшауланбаған сымдарды ӘЖ тіректеріндегі оқшаулағышқа және оқшаулайтын траверске, қимаға арналған тіректерді есептегенде бір бекітудің болуы.	
365	Сымдарды аралық тіректердегі штырлы оқшаулағыштарға бекітуді сыммен байлау арқылы немесе қыстырғышпен оқшаулағыш мойнына тірекке қаратып орындау.	
366	ӘЖ кірмелерге тармақталған кезде сымдардың тұйық бекітілуінің болуы.	
367	ӘЖ аралығында сымдарды механикалық беріктікті қамтамасыз ететін жалғастырушы қыстырғыштар көмегімен қосуды орындау.	
368	Әртүрлі металдардан немесе әртүрлі қималардан жасалған сымдардың қосылуы тек анкерлік тіректердің ілмектерінде ғана болуы.	
369	ӘЖ бір аралығында әр сымға біреуден артық емес жалғанымның болуы.	
370	Жерге тұйықталған бейтарап желілердегі екі шынжырлы ӘЖ әрбір шынжырдың нөлдік сымның болуы.	
371	ӘЖ тармақталған жерлерде көпмойынды немесе қосымша оқшаулағыштардың болуы.	
372	Нөлдік сымдарды оқшаулағышқа немесе оқшаулайтын траверстерге бекітуді орындау.	
373	ӘЖ тіректерінде нөлдік сымды қайта жерлендіруге, атмосфералық асқын кернеулерден қорғауға, ӘЖ тіректерінде орнатылған электр жабдығын жерге тұйықтауға арналған жерге тұйықтау құрылғыларының болуы.	
374	Найзағайдан артық кернеуден қорғайтын жерге тұйықтау құрылғыларының нөлдік сымды қайта жерге тұйықтаумен біріктірілуінің болуы.	
375	Металл тіректерді, металл конструкцияларды және темір-бетон тіректердің арматурасын қорғайтын өткізгішпен нөлдік сымға жалғаудың болуы.	

376	Темір-бетон тіректердегі нөлдік сымның темір-бетон тіректері арматурасының жерге тұйықтау шығарылымына және тіректердің тіреулеріне жалғануының болуы.
377	ӘЖ тіректерінің тартқыштарын жерге қосу өткізгішіне жалғаудың болуы.
378	Қиылысу аралығын шектейтін, кернеуі 1 кВ дейінгі ӘЖ тіректерінің ілмектерін, істіктері мен арматураларын жерге тұйықтау, сондай-ақ бірге ілу жүргізілетін тіректерде болуы, бұл ретте жерге тұйықтау құрылғысының кедергісі 30 Ом аспауы тиіс.
379	Найзағай асқын кернеулерінен қорғаныс үшін ӘЖ тіректерінде орнатылған қорғаныс аппараттарының жерге тұйықтағышына жеке түсіру арқылы қосылуының болуы.
380	Бір және екі қабатты құрылыстары салынған елді мекендерде, ӘЖ өнеркәсіптік түгін құбырларымен, биік ағаштармен, ғимараттармен экрандалмаған, осы жерге тұйықтау құрылғыларының кедергісі 30 Ом - нан аспайтын, ал олардың арасындағы қашықтық жылына найзағай сағаттарының саны 40 – қа дейінгі аудандар үшін 200 м-ден аспайтын және жылына найзағай сағаттарының саны 40-тан асатын аудандар үшін 100 м-ден аспайтын атмосфералық асқын кернеулерден қорғаныс үшін жерге тұйықтау құрылғыларының болуы.
381	Жерге тұйықтау құрылғыларын орындау: 1) тармақтары бар тіректерде адам саны көп шоғырланатын үй-жайларға (мектептер, балабақшалар, ауруханалар) немесе шаруашылық құндылығы бар үй-жайларға (мал шаруашылығы үй-жайлары, қоймалар, шеберханалар) енгізу үшін; 2) енгізуге тармақтары бар желілердің соңғы тіректерінде, бұл ретте осы желілердің көршілес қорғаныс жерге тұйықталуынан ең үлкен қашықтық жылына найзағай сағаттарының саны 40 - қа дейінгі аудандар үшін - 100 м-ден және жылына найзағай сағаттарының саны 40-тан асатын аудандар үшін-50 м-ден аспауы тиіс.
382	Жерге тұйықтау өткізгіштерінің өзара қосылуының, оларды темір-бетон тіректері тіректерінің жоғарғы жерге тұйықтау шығырларына, ілгектер мен кронштейндерге, сондай-ақ жерге тұйықтау металл конструкцияларына және ӘЖ тіректерінде дәнекерлеу арқылы немесе болтты қосылыстардың көмегімен орнатылған жерге тұйықталатын электр жабдығына жалғануының болуы.
383	Жерге тұйықтау өткізгіштерді (түсулерді) жерге тұйықтағышқа дәнекерлеу арқылы немесе бұрандама жалғаулар көмегімен қосуды орындау.
384	Бір сымды болат тартпалар қимасының 25 мм^2 -ден кем емес болуы.
385	Анкерлік тірек басының ауытқуы топырақтағы бұрылысты ескергенде $1/30 H$ -нен аспауы тиіс, мұндағы H – ӘЖ тірегінің биіктігі.
386	Елді мекендердегі және елсіз мекендердегі ӘЖ сымдарынан жер бетіне және көшелердің жүру бөлігіне дейін сымдардың салбырауының ең үлкен жебесі кезінде 6 м кем емес арақашықтықтың болуы
387	ӘЖ сымдарынан олардың ең көп ауытқуы кезінде ғимараттарға, құрылыстарға және құрылыстарға дейінгі көлденең арақашықтықты сақтау кемінде: 1) 1,5 м - балкондарға, терраса және терезелерге дейін; 2) 1 м - бос қабырғаларға дейін.
388	Ғимараттарға енгізетін ӘЖ тармақтарды қоспағанда, ғимараттардың, құрылыстардың үстімен оқшауланбаған ӘЖ сымдарын жүргізуге жол бермеу.
389	Жабық тарату қондырғыларының үй-жайлары мен дәліздерінде тарату қондырғысына қатысы жоқ қойма және басқа да қосалқы құрылыстары ретінде пайдалануға, сондай-ақ электр-техникалық жабдықтарды, материалдарды, қосалқы бөлшектерді, жанатын сұйықтыққа толы ыдыстар мен басқа да әртүрлі газы бар баллондарды сақтауға жол бермеу.
390	Ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды міндетті түрде орындай отырып, техникалық басшы бекіткен жабық тарату құрылғыларының электр техникалық жабдығын тазалау графигінің болуы.

391	Жабық тарату қондырғыларының кабель каналдары мен жер бетіндегі кабельдік науалар ұдайы жанбайтын кірпіштермен жабылуының болуы.
392	<p>Монтаждау және пайдалану процесінде оларда қауіпті механикалық кернеулер мен зақымданулардың туындауын болдырмайтындай кабель желілерін орындау:</p> <p>1) кабельдер топырақтың көшуі жағдайында және кабельдің өзінің және олар төселген конструкцияның температуралық деформациясында пайдалану мүмкіндігімен ұзындығынан біраз қалдырылуы тиіс, кабельдің артығын сақина (орам) түрінде орауға тыйым салынады;</p> <p>2) конструкциялар, қабырғалар, аралықтар бойынша горизонтальды салынған кабельдер бөгеткіш және жалғағыш муфталарға, шеткі бітеулерге, шеткі нүктелерге қатты бекітілуі тиіс;</p> <p>3) конструкциялар, қабырғалар, аралықтар бойынша вертикальды салынған кабельдер, сыртқы қабығы бүлінбейтіндей және кабельдердің өздерінің салмағынан муфталардағы талсымдардың қосылысы үзілмейтіндей етіп орнатылуы тиіс;</p> <p>4) қапталмаған кабельдер салынатын конструкциялар, кабельдердің қабықтары механикалық бүлінбейтіндей етіп жасалуы тиіс және осы кабельдердің қабықтары қатты бекітілген жерлер, эластикалық төсемдердің көмегімен механикалық бүліну және коррозиядан қорғалуы тиіс;</p> <p>5) механикалық бүлінуі мүмкін жерлерге (автокөлік қозғалысы, механизмдер мен жүктердің қозғалысы) орнатылған кабельдер (оның ішінде броньдалған) еденнен 2 м немесе жерде 0,3 м биіктікте қорғалуы тиіс;</p> <p>6) кабельдерді қолданыстағы кабельдермен қатар салу кезінде соңғыларының бүлінуін болдырмайтын шаралар қолданылуы тиіс;</p> <p>7) кабельдер қыздырылған беттерден кабельдер рұқсат етілгеннен жоғары қызуын болдырмайтын арақашықтықта салынуы тиіс, бұл ретте ағытпа және фланецпен қосылған жерлерде ыстық заттардың жарылуынан кабельдерді қорғаныс шаралары қолданылуы тиіс.</p>
393	<p>Өндірістік үй-жайларда кабель желілерін салу кезінде төмендегідей талаптарды орындау:</p> <p>1) кабельдер жөндеу үшін, ал ашық жүргізілгендер – қарап-тексеру үшін қол жетімді болуы тиіс.</p> <p>2) параллель орнатылған күш беретін кабельдер мен әртүрлі құбырлар арасындағы арақашықтық 0,5 м-ден кем болмауы тиіс, ал газ құбырлары мен жанар май құбырлары арасы – 1 метрден кем болмау керек. Арақашықтық жақын болған жағдайда және кабельдер қиылысып өткен жағдайда барлық жақындау учаскелерінде оның әрбір жағынан 0,5 м плюс, ал өте қажет жағдайларда қызып кетуден және механикалық зақымданудан (металл құбырлардан, қаптардан, т.б.) қорғалуы тиіс.</p>
394	Қайталанатын (шунтталатын) электр беру желілері мен кіші станцияларды жобалау және салу кезінде жергілікті атқарушы органдармен және табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен және жүйелік оператормен алдын ала хабарлаудың және келісудің болуы.
395	Жүйелік оператор жүргізетін деректер базасының тіркелімінде кернеуі 35 кВ және одан жоғары электр желісінің барлық учаскелері бойынша негізгі мәліметтердің болуы.
396	220 кВ және одан жоғары желісі бойынша жүйелік оператормен келісілген дерекқор тіркелімінің, электр желісіне жаңа учаскені қосу кезінде қайталауды болдырмау үшін аталған учаскенің атауының болуы
397	Электр қондырғыларын орнатудан кемінде сегіз ай бұрын және жаңа электр қондырғысы мен оның сәйкестендірілуі көрсетілген жұмыс схемасы қамтылған желіні пайдаланушыларға жазбаша нысандағы хабарламаның болуы.
398	Энергия беруші ұйыммен және желіні пайдаланушымен оның сәйкестендіру деректерін нақты көрсете отырып, электр қондырғысына тақтайшалармен жарақтандыру және жазу.
399	Олардың негізінде Қазақстан БЭЖ-де қуат теңгерімін басқару ұйымдастырылатын тәуліктік графиктердің болуы, бұл ретте электр станциялары жүктеменің және айналатын резервтің берілген тәуліктік графигін орындайды, ал желіні пайдаланушылар өздерінің мәлімделген белсенді қуатты тұтынудың сағаттық графигінен аспайды.
400	Желіні пайдаланушылардың тәуліктік кестеден ауытқуы тіркелетін өңірлік диспетчерлік орталықтың жедел журналының болуы.

	<p>Мынадай функцияларды орындайтын кіші жүйелерден тұратын аварияға қарсы автоматика жүйесінің болуы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) орнықтылықтың бұзылуын автоматты түрде алдын алу; 2) асинхрондық режимді автоматты түрде жою; 3) кернеудің жоғарылауын автоматты түрде шектеу; 4) кернеудің төмендеуін автоматты түрде шектеу; 5) жиіліктің төмендеуін автоматты түрде шектеу; 6) жиіліктің жоғарылауын автоматты түрде шектеу; 7) жабдық жүктемесін автоматты түрде босату.
402	<p>Жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасы тапшы энергия тораптарындағы, технологиялық процесс сипаты бойынша қоректендіруді резервтерді жұмылдыру немесе басқа желіні пайдаланушыларға шектеулер енгізу үшін жеткілікті уақытқа кенеттен үзіліске жол беретін меншік нысанына қарамастан басқа желіні пайдаланушылар объектілерінде орындау, бұл ретте аварияға қарсы автоматиканың жұмыс сенімділігін қамтамасыз ету үшін жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасына бірінші кезекте ірі желіні пайдаланушылар қосылады, көлем жетіспеген кезде жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасына басқа да желіні пайдаланушылар қосылады.</p>
403	<p>Резервті автоматты енгізу, жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасына қосылған желіні жауапты пайдаланушылардың автоматты түрде қайта қосу құрылғыларымен жарақтандыру.</p>
404	<p>500-1150 кВ желілер үшін негізгі қорғаныс ретінде, қорғалатын учаскесінің кез келген нүктесінде қысқа тұйықталу болған кезде кідіріссіз іске қосылатын екі қорғаныс жиынтығының болуы.</p>
405	<p>500-1150 кВ желілерде, сондай-ақ 220 кВ жауапты желілерде толық емес фазалық режимінен қорғаудың болуы.</p>
406	<p>Барлық ӘЖ зақымданған жерді айқындауға арналған аспаптармен жарақтандыру, бұл ретте ӘЖ аварияға дейінгі режимді жаза отырып және оқиғалардың дәйектілігін, соның ішінде релелік қорғаныс пен автоматика құрылғыларының іске қосылуын тіркей отырып, қысқа тұйықталу кезіндегі өтпелі процестерді сандық тіркеу жүзеге асырылады.</p>
407	<p>Жүйелік оператор өзінің жедел басқаруындағы релелік қорғаныс және автоматика бөлігінде тағайыншамаларды есептеу мен таңдауды қамтамасыз етеді, өзінің жедел иелігіндегі релелік қорғаныс және автоматика бөлігінде тағайыншамаларды келісуді қамтамасыз ету.</p>
408	<p>Қазақстан БЭЖ-ін басқару, желілерді пайдалану мәселелері бойынша ақпаратты жүйелік оператор мен желіні пайдаланушылардың ұсыну көлемдері мен мерзімдерін регламенттеу үшін диспетчерлік орталықтар (қызметтер), техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді көрсетуге, электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарттар арасындағы өзара қарым-қатынас ережесінің болуы.</p>
409	<p>Кернеуі 220 кВ, 500 кВ және 1150 кВ кіші станциялар, белгіленген қуаты 10 мВт-дан жоғары энергия өндіруші ұйымдар, желіні пайдаланушылар, кернеуі 220 кВ және одан да жоғары желіге қосылған электр энергиясын тұтынушылар үшін екі тәуелсіз бағыт бойынша жүйелік оператордың диспетчерлік орталығына байланыс және телеметрия деректерін беру арналарының ұйымдастырылуының болуы.</p>
410	<p>Жедел-диспетчерлік басқару үшін байланыс және телеметрия деректерін берудің тікелей арналарының болуы. Байланыс және телеметрия деректерін алмасу:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) өңірлік электр желілік компанияның диспетчерлік орталығы мен осы диспетчерлік орталықтардың жедел басқаруындағы 35 кВ және одан жоғары кіші станциялар; 2) өңірлік электр желілік компанияның диспетчерлік орталығы мен пайдаланушының диспетчерлік орталығы немесе пайдаланушының диспетчерлік орталығы болмаған жағдайда оның кіші с т а н ц и я с ы ; 3) өңірлік электр желілік компанияның диспетчерлік орталығы мен өңірлік диспетчерлік орталығы (б ұ д а н ә р і – Ә Д О) ; 4) жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы (бұдан әрі – ЖО ҰДО) мен ӘДО; 5) аралас басқару аймақтары бар желі пайдаланушылары және ӘДО; 6) ӘДО мен электр энергиясын көп мөлшерде пайдаланушылардың диспетчерлік орталықтары

	немесе пайдаланушының диспетчерлік орталығы болмаған жағдайда оның кіші станциясы; 7) ҰДО мен шектес мемлекеттердің энергия жүйелерінің диспетчерлік орталықтары арасында қамтамасыз етіледі.
411	Монтаждауда кемшіліктер, берілген техникалық шарттардан, жобалау құжаттамасынан және нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарынан ауытқулар анықталған кезде тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалануға жол бермеу.
412	Электр желілерінің жабдықтары, ғимараттары мен құрылыстары бойынша техникалық қызмет көрсету журналдарын жүргізу.
413	Бекітілген нысандар бойынша, электр желілерін жөндеу нәтижелері бойынша (оның ішінде сынақтар мен өлшеулер нәтижелері) электр желілерінің техникалық жағдайының негізгі параметрлерінің ведомосін толтыру.
414	Электр желілерінің жабдықтарын, ғимараттары мен құрылыстарын жөндеу бойынша жұмыстарды дайындау және жүргізу үшін энергия беруші ұйымдар әзірлейтін технологиялық карталардың болуы.
415	Сыртқы қондырғы трансформаторлары мен реакторлары бақтарында, сондай-ақ трансформаторлық пункттер мен камералардың есіктері мен ішкі бетінде станциялық (кіші станциялық) нөмірлердің болуы.
416	Жарамды май қабылдағыштың, май жинағыштың, қиыршық тас төгінділерінің, дренаждың және май бұрғыштардың болуы.
417	Монтаждау ұйымы электр қондырғылары жерге тұйықтау құрылғыларының қабылдау-тапсыру хаттамаларының болуы.
418	Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне мемлекеттік органда біліктілік тексеруіне жататын жаңадан қабылданған/жұмыстан шығарылған басшы қызметкерлер туралы ақпарат қабылданған (жұмыстан босатылған) күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде ұсыну.

”;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағында:

реттік нөмірлері 9 және 10-жолдар алып тасталсын;

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Жеке және заңды тұлғаларға қатысты электр энергетикасы саласындағы тексеру парағында:

реттік нөмірі 17-жол алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі*

Р. Даленов

*Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі*

Н. Ногаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының Құқықтық
статистика және арнайы есепке
алу жөніндегі комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК